

# Екібастұз өңірінің 2006 жылдың қаңтар желтоқсанында әлеуметтік - экономикалық дамуы

2007 жылдың басындағы жағдай бойынша статистикалық регистрде 1879 кәсіпорын тіркеуге алынған. Оның 1294-і қалыпты жұмыс істесе, 30-ы таратылу алдында тұр. Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың 170-і ғана жаңа ашылған болса, 753-і тұрақты жұмыс істеп тұрғандар, 371-і уақытша тоқтап тұр.

Тіркеуге алынған кәсіпорындардың 90% жеке меншік болып табылады, 9,3% мемлекеттік, 0,7% - шетелдік кәсіпорындар.

Тіркелген кәсіпорындардың ішіндегі шағын кәсіпорындардың үлес салмағы 93,6%, орта кәсіпорындар -5,5%, ірі кәсіпорындардың үлес салмағы -0,9%.

Облыс бойынша статистикалық регистрде тіркелген заңды тұлғалардың жалпы санының 16,4% Екібастұз өңірінің кәсіпорындары құрайды.

\*\*\*

2006 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында біздің өңірдің өнеркәсіптік кәсіпорындары сомасы 65,4 млрд теңге болатын өнім өндірді, бұл 2005 жылғы көрсеткіштен 15%-ға артық. Тұтастай алғанда облыс бойынша нақты көлем индексі 2006 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында 106,6%-ды құрады.

Тау-кен өнеркәсібінде тас көмір өндіруді 17%-ға арттырудың есебінен нақты көлем индексі 116,8%-ды құрады. Жыл бойына 43,2 млн тонна көмір өндірілді.

Ұқсату өнеркәсібінде өнім өндіру 24,7%-ға өсті, әсіресе ол ет және ет өнімдерін өндіру (1,6 есеге), көлік және құрал-жабдық шығаруда (1,3 есеге), өзге де металдық емес минералдық тауарларды жасау (1,5 есеге) өнеркәсіптерінде тіркелді.

Электр қуатын, газ бен суды өндіру және таратуда нақты салмақ индексі 2005 жылмен салыстырғанда, 109,8%-ды құрады. Электр қуатын өндіру 10,9%-ға артып, 14,4 млрд кВт. сағатқа тарта қуат өндірілді; жылу қуатын өндіру 3%-ға азайып, 1,9 млн Гкал-ды құрады.

\*\*\*

2006 жылдың 1 қаңтарына алдын ала берілген мәліметтер бойынша, Екібастұз өңірінде ірі қара мал саны 3,7%-ға өсті 24769 бас. Қой мен ешкі саны 33513 бас немесе өткен жылғымен салыстырғанда 19,4%-ға артық; жылқы 4966 бас немесе 22,6%-ға артық; шошқа саны 23,2%-ға, құс 25,4%-ға азайған.

Барлығы 10248 бұзау (107,3%), 13625 қозы мен лақ (112,6%), 1237 құлын (113,1%) және 2218 тарай (106%) алынды.

Сатуға сойылған мал мен құстың тірілей салмағы былтырғы жылдың осы кезеңімен салыстырғанда, 4356,3 тонна болды немесе 105,7%-ға, 22944,5 тонна сүт (102,4%) сауылды, 3231,7 мың дана жұмыртқа (100,9%) алынып, 76,8 тонна (119,6%) жүн қырылды. Жалпы өнім беруде ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының үлесі төмендегенімен, шаруа қожалықтарының үлесі артты. Бірақ еттің басым бөлігі (84%) мен сүт (84%) үй шаруашылығында өндірілді.

Орта есеппен бір сиырдан 2221 келі сүт сауылды, өткен жылы бұл көрсеткіш 2292 келі болатын. Бір мекиен тауықтан 131 дана жұмыртқа алынды, өткен жылы 179 дана болған.

\*\*\*

2006 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында өңір бойынша негізгі капиталға 8118,7 млн теңге көлемінде инвестиция құйылды. Жалпы облыс бойынша инвестиция көлемінің 9,3% Екібастұз өңіріне тиесілі. Өткен жылдың қаңтар-желтоқсан айларында негізгі капиталға құйылған қаржы көзін жұмыс істеп тұрған субъектілердің жеке қаржысы

құрады (76,4%). Бюджеттік және қарызға алынған қаржы инвестиция көлемінің тиісінше 9,1 және 14,5% құрады.

Инвестицияның негізгі бөлігін шетелдік меншік субъектілері (53,7%), сонымен бірге жеке меншік иелігіндегі кәсіпорындар мен ұйымдар (36,8%) игерген. Мемлекеттік сектор үлесі 9,5%.

Негізгі капиталға құйылған инвестицияның басым бөлігі өнеркәсіпке шоғырландырылды (75,8%), оның 45,6%-ы электр қуатын, газ бен суды өндіруші және таратушы кәсіпорындарды дамытуға бағытталса, 28,4%-ы тау-кен өнеркәсібін дамытуға бөлінді.

2006 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында тұрғын үй құрылысына 198,5 млн теңге инвестиция салынды.

Түрлі меншік иелігіндегі кәсіпорындар мен ұйымдардың, сондай-ақ жергілікті халықтың қатысуымен жалпы көлемі 14570 шаршы метр болатын 67 тұрғын үй пайдалануға берілді. Оның ішінде 66-ы жалпы көлемі 12524 шаршы метр болатын жеке тұрғын үй мен біреуі 2046 шаршы метрлік көппәтерлі тұрғын үй.

\*\*\*

2006 жылдың қараша айында ірі және орташа кәсіпорындарында жұмыс істейтін жалдамалы жұмысшылардың саны 31396 адамды құрады.

Жұмыспен қамту мәселелері бойынша желтоқсан айында (Павлодар облыстық халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру департаментінің мәліметтері бойынша) құзырлы органдарға 250 адам өтініш берген (2006 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында барлығы 5045 адам).

2006 жылдың желтоқсан айында 193 адам немесе өтініш бергендердің 77,2%-ы жұмысқа орналас-тырылды (қаңтар-желтоқсан айларында барлығы-2490 адам).

Желтоқсан айының аяғында құзырлы органдарда

тіркеуге алынған жұмыссыздар саны 1585 адам.

2006 жылдың қараша айында ірі және орта кәсіпорындарда жұмыс істейтін бір жұмысшының орташа номиналдық жалмақысы 42747 теңге болды.

Бұл 2005 жылдың қараша айындағы жағдаймен салыстырғанда, 21% артық, таза еңбекақы 13,5%-ға өсті. Оның денгейі ең төменгі күнкөріс мөлшерінен 5,6 есе, ал белгіленген ең төменгі жалақы мөлшерінен 4,6 есеге артқан.

\*\*\*

Екібастұз аймағы халқының саны 2006 жылдың 1 қазанына 140,9 мың адам.

2006 жылдың қаңтар-желтоқсанында Екібастұз аймағы бойынша 2005 жылмен сәйкес кезеңімен салыстырғанда туу саны 7,5%-ға көбейді, яғни 1887 сәби дүниеге келді, ал өлгендердің саны 8,3%-ды құрады, немесе 1469 адам. Нәтижесінде табиғи өсім көрсеткіші -418 адам.

Некелік-отбасылық жағдайды алсақ, неке 18,4%-ға көбейді, ал ажырасулар көрсеткіші 4,9%-бен сипатталады. Қаңтар қарашасында 1108 неке және 430 ажырасу тіркелді, немесе тіркелген 1000 некеге 388 ажырасудан келді.

Қаңтар-қараша айларында біздің аймақтан Республикандан тыс жерлерге 388 адам кетті, оның ішінде 359 адам ТМД елдеріне, 29-ы ТМД елдерінен тыс жерлерге қоныс аударды.

ТМД елдерінен көшіп келушілердің саны осы уақытта 36,1%-ға көбейді және 448 адам құрады, ТМД елдерінен тыс жерлерден 193 адам көшіп келді, бұл былтырғымен салыстырғанда 4,1 есе көп.

**Қалалық статистика бөлімі**